


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Иса мен Елазар



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1


Мәриям мен Марта асамазасызданды.
Олардың бауырлары Елазар ауырып
қалды – ауыр науқас.
Әпкелі-сіңлілілер
Елазардың жақында
өлуі мүмкін екенін
білді. Олар Исаға
хабар жіберді. Иса
бетаниялық осы
шағын отбасын

жақсы
көретін.

2




Иса Елазар туралы естіген кезде, Өзінің шәкірттеріне былай деді: «Бұл ауру өлімге соқтырмайды». Иса сол жерден көптеген шақырым қашықтықта болса да, Елазарға не болатынын Ол жақсы білді.



3

Иса Бетанияға аттанбас бұрын екі күн күтті. Содан соң Ол Өзінің шәкірттерін абдыратқан бір нәрсе айтты. «Елазар өлді. Сендер сену үшін Өзімнің сол жерде болмағанымна Мен қуаныштымын». Мұндай қызық сөздердің мағынасы не? Иса не істемек болды?



4

Иса Бетанияға келгенде, Елазардың қайтыс болғанына төрт күн болып қойған еді.

Кебінге оралған оның мәйіті үңгірге ұқсас қабірге қойылған болатын.




5

Марта Исаны қарсы алуға шықты. «Сенің бауырың тіріледі», –деп дауыстады Иса. «Мен білем. Ақырзаман болған күнгі қайта тірілуде», –деп жауап қатты Марта. Ол Елазарды көру үшін соңғы уақытқа дейін күтуге тура келеді деп ойлады. Бірақ Исаның айтқаны басқа нәрсе еді.




6

«Қайта тірілу мен өмір – Менмін, –деді Иса Мартаға. –Маған сенген адам тіпті өлсе де өмір сүретін болады». Марта Исаға сенді. Ол Оның Құдайдың Ұлы екенін білді. Бірақ Ол Елазарға қалай көмектесе алар еді?



7

Барлығы қайғыға батты, өйткені Елазар қайтыс болды. Оның әпкесі Мәриям жылады. Оны жұбатпақ болған достары да жылады. Иса да жылады.



8

Иса халықпен бірге
кабірге барды.
Үңгірдің аузында
үлкен тас жатыр екен.




9

«Тасты алып тастандар», –деп
бұйырды Иса. «Ием, –деп жауап
берді Марта, –қазір иістеніп
кетті, өйткені қайтыс
болғанына төрт күн
болды».




10

Исаның
бұйрығымен
адамдар тасты алып
тастады. Содан соң
Иса Өзінің көктегі
Әкесіне сиынды.
Иса адамдар Өзін
Құдайдың жібергенін
білетіндей ұлы
керемет жасамақ
болды.



11

«Елазар! –деп
айғайлады Иса. –
Шық!» Адамдар
кабірдің аузына аң-
таң боп қараған
болар. Иса өлген
адамды тірілте
алар ма еді?



12

ИӘ!
Елазар
кабірден
шықты,
өне-бойы
кебінге
оралған,
ТІРІ!



13

«Оны босатындар! –деді Иса. –Оны жібере салындар».
Қандай қуаныш болды десеңші! Көз жасы қуанышқа
айналды. Иса Өзінің Сөзінде тұрды. Сөйтіп Елазар
қайта тірілді. Тек Құдай
Ұлы ғана өлі адамға өмір
бере алар еді.



14

Бұл кереметті көрген көптеген адамдар Исаға сенім артты. Бірақ кейбір басқа адамдар Ол туралы Оның жауларына –ғибадатхана басшыларына жеткізді.

Қызғаныштан олар Исаны өлтіруге бекінді. Иса бұл туралы біліп қойған кезде, біраз уақытқа кетіп қалды.



15

Иса мен Елазар

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жохан 11

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

16

СОҢЫ

52



60

17

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18